

“Қарлығаш” бөбекжай-балабақшасы”

**Тәрбие сағатының тақырыбы: “Балабақша
жайлы-мекен”**

Ақбастау ауылы -2025ж

І — қыркүйек – білім күні.

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Балабақша жайлы-мекен»

Тәрбие сағатының мақсаты: Балаларға І — қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі — құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс — тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ — жауап.

Барысы: І. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрғындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы. Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік әнұранды орындау.

Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесітім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар, ата — аналар және барша қазақстандықтар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке — Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі іс — әрекетіміз біздің білім күніне, арналады. І — ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. І — қыркүйек барша қалықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қонырау соғылады (тәрбиеші қонырау соққан баланың суретін көрсетеді). Осы тұңғыш қоныраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалар, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз. (балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, әнұран, елтаңба, ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев

Ернат: Кыркүйөктүн биринде,
Кеудем толы дүрілге,
Күлөк түйөм елендеп,
«Бакша» деген бир үнгө.

Тәрбиеші: енді балалардын макал — мөтелдерін тыңдап көрейік.

Мансұр: Білікті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.

Айя: Кітап — білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

Айбек: Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.

Матжан: Оқы да біл,
Ойна да күл.

Осымен іс шарамыз аяқталды! Сауболындар балалар!

